

«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2025 жылдың 25 айындағы № 132
отырыс хаттамасы)
б е к і т і л д і

М Ә Л І М Д Е М Е

Осы мәлімдемеді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту қажеттігін ұғына отырып, экологиялық жауапкершілік және орнықты даму қағидаттарына өзінің бейілділігін білдіреді.

- Биржа экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік (ESG) жауапкершілікті енгізуді қызметтің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады.
- Биржа Қазақстан Республикасының экология және орнықты даму саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Париж келісімін, БҰҰ Тұрақты қор биржаларының (UN SSE Initiative) қағидаттарын және Net Zero Financial Service Providers Alliance (NZFSPA) мақсаттарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.
- Биржа көміртегі нарығын дамытуға жәрдемдесіп, тұрақты қаржыландыру құралдарын енгізуді қолдай отырып, Қазақстан Республикасының климаттық күн тәртібін белсенді түрде ілгерілетуде. Биржа климаттық есептіліктің озық стандарттарын енгізу және компанияларды парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты ашуда қолдау көрсету арқылы экономиканың көміртегі бейтараптығына көшуіне ықпал етеді.
- Биржа қоршаған ортаға минималды әсер етеді, өйткені қызмет парниктік газдардың айтарлықтай шығарылуына әкелетін өндірістік процестермен байланысты емес. Биржа өзінің көміртегі ізін азайтуға және парниктік газдар шығарындыларын (Scope 1 и Scope 2) есепке алу және азайту арқылы ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.
- Биржа Париж келісімінің мақсаттары мен Net Zero Financial Service Providers Alliance (NZFSPA) альянсына қосылу кезінде қабылданған міндеттемелер шеңберінде көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге тырысады. KASE 2030 жылға қарай парниктік газдардың операциялық шығарындыларын (Scope 1 және Scope 2) азайту жөніндегі қажетті нысаналы бағдарға 2024 жылмен салыстырғанда 15 % деңгейінде қол жеткізуге ұмтылысы туралы мәлімдейді. Мақсатқа жету үшін Биржа парниктік газдар шығарындыларын бақылау және есепке алу жүйесін енгізеді, сондай-ақ тұрақты даму туралы есептер шеңберінде прогресс туралы ақпаратты ашады.
- Биржа қалдықтарды азайту және қайта өңдеу, энергия тиімділігін арттыру және экологиялық жауапты сатып алуды дамыту жөніндегі шараларды іске асырады. Энергия тиімділігін арттыруға, қағаз айналымын қысқартуға және қызметкерлер арасында жауапты тұтыну мәдениетін қалыптастыруға бағытталған "Жасыл кеңсе" бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама Reduction (ақылға қонымды тұтыну), Refinement (қайта пайдалану) және Replacement (экологиялық жауапты сатып алу және тасымалдау) принциптеріне негізделген.
- Биржа жұмысшылар мен мүдделі тараптар арасында экологиялық жауапкершілік мәдениетін дамытады. Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын іске асыру Биржаның адам құқықтарын сақтау туралы Мәлімдемесін, орнықты даму саясатын және Өнім берушінің мінез-құлық кодексін қоса алғанда, Биржаның қолданыстағы ішкі құжаттары шеңберінде жүзеге асырылады.

8. Биржа климаттың өзгеруіне және қоршаған ортаға әсеріне байланысты ESG тәуекелдерін анықтау мен бағалауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілін жүзеге асырады. Климаттық тәуекелдерді басқару тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және қызметтің экологиялық, операциялық және беделді аспектілеріне әсер етуі мүмкін факторларды уақтылы анықтауға, бағалауға және азайтуға бағытталған.

Басқарма Төрағасы

Ө.Н. Мұхамеджанов